

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
10.06.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 10.06.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі депутат Қоңыров Айқын Ойратұлына беріледі.

**ҚОҢЫРОВ А.О.** Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 1-тармағына сәйкес әзірледі.

Заң жобасы 2020 жылдың 3 маусымында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын әзірлеудің негізгі мақсаты туризм объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын салу және олардың жұмыс істеуі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы объектілерін жайластыру және олардың жұмыс істеуі, қорғаныс мұқтаждары үшін олардың құрамынан бұрын шығарылған және көрсетілген мақсатта іске аспаған босалқы жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына қайтару рәсімін оңайлату болып табылады.

Бұл өзгерістер ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар және қайтарылатын жер учаскелерінде орналасқан табиғи кешендер мен табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау қажеттілігінен туындады.

Бұл ретте аталған жерлерді ауыстыру туралы шешім мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда және жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлемей, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың санатына байланысты қабылданатын болады.

Заң жобасы арқылы өзгерістер мен толықтырулар екі заңнамалық актіге енгізіледі – Жер кодексі және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға.

Жұмыс тобының үш отырысы және бас комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді, онда барлық мүдделі мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен 15-ке жуық түзету қаралды. Қорытынды салыстырмалы кесте қабылданған 9 позициядан тұрады.

Баяндалғанның негізінде Аграрлық мәселелер комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Парламент Сенатының карауына жіберуді ұсынады.

Қолдауыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, оны жаңа ғана Айқын Ойратұлы бізге жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүрден: Құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша саясат негіздеріне, Мауф Н. Шағбанбаев.*